Референдум Қазақстан Республикасындағы азаматтардың мемлекеттік істерді басқаруға қатысу нысанының бірі ретінде.

Референдум-маңызды мемлекеттік мәселені шешу үшін өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру. Ол республиканың бүкіл аумағында өткізіледі. Референдумда Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарды қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтыруы енгізу, Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселерін шешу қойылуы мүмкін. Әдетте референдумда дауыс берушілерге сұрақ беріледі, оған „иә", „жоқ", „келісемін", „келіспеймін" немесе „қолдаймын", „қолдамаймын" деген жауап беруге болады. Референдум өткізу кезінде азаматтар өз қалауы бойынша қатысып, дауыс беруге құқылы. Сондай-ақ азаматтардың дауыс беруі жасырын түрде өтеді. Референдум республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Еліміздe „Республикалық референдум туралы" Конституциялық заңы бар. Бұл құжатқа сәйкес, республикалық референдумға мемлекет үшін маңызды. Конституциялық жобалар, заңдар мен шешімдер бойынша халықтың дауыс беруі деген анықтама берілген. Референдумды өткізу құқығы мемлекет басшысына беріледі. Референдум ел аумағын түгел қамтиды. Азаматтарға оған ерікті түрде қатысады. Қатысушылардың жасы 18-ден жоғары болуы тиіс. Референдумға сот шешімі бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылғандар, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар құқығын кез келгенге қатысуға құқылы емес. Қазақстан басқа азаматтарының референдумға қатысу құқығын кез келген тікелей немесе жанама түрде шектеуге жол берілмейді және ол заңмен жазаланады. Референдум ашық және жария түрде өткізіледі. Референдим өткізу туралы шешім және оған қойылған мәселелер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қазақстандықтардың назарына жеткізіледі. Референдумның қалай өтіп жатқанын Орталық референдум


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

комиссиясы белгілеп берген тәртіппен қазақстандық қоғамдық бірлестіктер шетелдік бақылаушылар, халықаралық ұйым өкілдері бақылайды. БАҚ референдумға дайындық пен оны өткізу барысынан хабар тарата алады, БАҚ өкілдеріне референдум өткізілетін орындарға кіруге кепілдік берілген

Қазақстан Республикасында аумағында тұратын шетел азаматтарының құқықтық мәртебесі

Әр елде мемлекет азаматтарының құқықтық жағдайы онда тұрып жатқан шетел азаматтарының құқықтық жағдайынан өзгеше екені бармаловызға мәлім. Бұл ерекшелік белгісі бір мемлекет аумағында қатысты шетел азаматтары құқықтарының кейбір жағдайларда шектелетіндігін-ен көрініс табады. Мысал ретінде айтар болсақ, кейбір мемлекеттерде жергілікті жұмыс күштерінің мүдделерін қорғау мақсатында шетелдіктердің заңды етулеріне қатаң шектеулер қойылған. Елімізде тұратын әрбір шетелдік азамат ҚР-ның заңдарына бағынуға тиіс. Ал басқа мемлекеттерде этникалық тепе-теңдік сақтау мақсатында азаматтық алу мен тұруға рұқсатнама алудың ерекше күрделі процедурасы белгіленеді. Жалпы ереже бойынша, заң шетел азаматтарына мемлекеттік қызметтермен айналысу сайлауға қатысуға, кейбір істерімен айналысуға және т.б. тыйым салады. Ұлттық және мемлекеттік мүдделерді қорғаудың аталған шаралары кейбір адамдарға ұнамауы мүмкін, бірақ егер олар заң негізінде орындалатын болса, түсінікті әр кең көлемде қолданылатын шаралар болып табылатыны даусыз. Жағдайлардың осылайша орын алуын Қазақстандағы шетелдіктерге берілетін құқықтар мен бостандықтарды талдау негізінде де байқауға болады. Шет ел азаматтарының тұрып жатқан елдеріндегі азаматтардың дін, салт дәстүрін құрметтеу керек. Шетел азаматтарының және елде азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесін айқындайтын негізгі қағидасы ҚР Конституциясының 12 бабында бекітілген, осы бапқа сәйкес мұндай адамдар республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ ҚР азаматтарымен бірдей міндеттер атқарады. Шет ел азаматтарының Қазақстанда тұрақты немесе уақытша болуына қарай айқындалатын бірқатар айырмашылықтары бар. ҚР-да тұратын шетел азаматтары мен басқа да адамдардың заңды мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. ҚР-да тұратын шет ел азаматтар Қазақстан азаматтарымен ортақ негізде жұмысшы және қызметші ретінде жұмыс істейді немесе өзге де еңбек қызметімен айналысады. Олар демалысқа, денсаулықты сақтауға, жәрдемақыға, зейнетақыға, әлеуметтік қамсыздандырудың басқа да нысандарына, тұрған жайды пайдалануға, тұрғын үйге,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ҚТ-9-01

2

өзге де мүлікке, білім алуға, мәдениет жетістіктерін пайдалануға құқылы. Оларға ұждан бостандығы, және басына және тұрғын үйіне тиіспеушілік кепілдігі берілген, олар ҚР азаматтарымен некеге тұра алады және некені бұза алады. Алайда олар сайланбалы мемлекет органдарды сайлай алмайды және оларға сайлана алмайды, жалпыхалықтық дауыс беруге қатыса алмайды. Олар ҚР Қарулы Күштерінде әскери қызмет атқармайды. Шетел азаматтарының ҚР аумағында жүріп-тұруына, тұрғылықты жерін таңдауына үшттаң заңнамада және халықаралық шарттарға сәйкес белгіленген тәртіппен рұқсат етіледі. Алайда мемл. қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатымен бұл алада шектеу белгіленуі мүмкін. Шетел азаматтары Қазақстан ҚР заңнамасына сәйкес келуі және одан кетуі мүмкін. ҚР аумағында қылмыс жасаған, әкімшілік және өзге де құқық бұзушылық жасаған шет ел азаматтары Қазақстан азаматтарымен бірдей жалпы негізде жауапқа тартылады. ҚР-нда босқындардың мәртебесі арнаулы заңнамамен айқындалған.

# Ядерлік қаруларды таратпау және мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту жүйелері туралы шарт

Ядролық қаруды кез келген қолданудың гуманитарлық апатты салдарына байланысты үлкен алаңдаушылық білдіре отырып және ядролық қару ендігі жерде ешқашан ешбір жағдайда қолданылмайтында ғана кепілдік беретін жалғыз тәсіл болып қалатын, осыдан туындайтын мұндай қаруды түбегейлі жою қажеттілігін мойындай отырып, ядролық қарудың одан әрі болуынан соның ішінде кездейсоқтық, жаңсақтық немесе әдейі қолдану нәтижесінде, ядролық оқ-дәрілердің кез келген жарылысынан туындайтын тәуекелдерді ұғына отырып және осы тәуекелдер бүкіл адамзаттың қауіпсіздігіне әсер ететіндігін әрі барлық мемлекет ядролық қаруды кез келген қолдануды болдырмауға жауапты екенін көрсете отырып, ядролық қаруды қолданудың апатты салдары барабар ескерілмейтінін, ұлттық шекаралар шегінен шығатынын, адамзаттың аман қалуына, қоршаған ортаға, әлеуметтік-экономикалық дамуға, жаһандық экономикаға, азық-түлік қауіпсіздігіне және қазіргі әрі болашақ ұрпақтың денсаулығына елеулі қатер туғызатынын ұғына отырып, ядролық қарусыздануға және ең жоғары жаһандық қоғамдық ізгілік болып табылатын және қауіпсіздіктің ұлттық әрі ұжымдық мүдделеріне сай келетін, ядролық қарудан азат әлемді құру мен сақтаудың аса қажеттілігіне қатысты адамгершілік императивтерін мойындай отырып және де ядролық қаруды кез келген қолдану қарулы қақтығыс кезеңінде қолданылатын халықаралық құқық нормаларына қайшы келер деп санай отырып қоғамдық сананың талаптарымен үйлесетінін растайды.

Мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту жүйелері негізінде ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың айрық маңыздылығын және онда көзделген бақылау режимінің негізгі элементтерінің бірі екендігін мойындай отырып, ядролық қарусыздану және таратпау режимінің іргетасы болып табылатын ядролық қаруды таратпау туралы шартты толық және тиімді жүзеге асыру халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін айрық маңызды мәні бар екендігін растай отыра, ядролық қаруды толық жоюға шақыру көрсеткіші болған ізгілік қағидаттарын орнықтырудағы қоғамдық сананың рөлін баса айта отырып және жалпыға бірдей толық қарусыздану жолында қатаң және тиімді халықаралық бақылаумен шынайы прогреске қол жеткізу мақсатында шаралар қабылдауға табандылық танытады. Әрбір қатысушы мемлекет ядролық қаруды немесе басқа да жарылғыш құрылғыларды сынауға немесе қолдануға байланысты әрекеттер нәтижесінде аудандардың зардап шеккен ортасын қалпына келтіру үшін қажетті және тиісті шараларды қолданады. Қауіпсіздікті нығайтуда барынша ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды қайсы біреуден қабылдамауға, сондай-ақ осындай қаруды немесе жарылғыш құрылғыларды тікелей де, жанама түрде де бақылауға алмасуға, ядролық жарылғыш құрылғыларды әзірлемеуге, сынамауға, шығармауға, дайындамауға, өзге де жолмен алуға, иеленбеуге және жинамауға; қолдану қатерін төндірмеуге және қондаралуына, өрістеуіне жол бермеуге міндеттенеді. Сонымен қатар ядролық қаруға байланысты барлық объектілерді жоюды немесе қайтымсыз конверсиялауды қоса алғанда, өзінің ядролық қару бағдарламасын жойғандығын-жоймағандығын хабарлайды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ